

КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА НЕМЕСЕ ОСЫНДАЙ ТАРАТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА ТҰРАТЫН НЕМЕСЕ БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАҒА ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН.

---

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ ЖЫЛДЫҚ 5,75% СЫЙАҚЫ  
МӨЛШЕРЛЕМЕСІ ЖӘНЕ 2025 ЖЫЛЫ ӨТЕУ МЕРЗІМІ БАР САТЫП  
АЛЫНАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ҮШІН СЫЙАҚЫ АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН  
ТӨЛЕНЕТІН БАРЛЫҚ ӨТЕЛМЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ  
ҰСЫНЫСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ.**

---

**25 наурыз 2025 ж.** "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ("Оферент"), Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам, 2025 жылғы 25 наурыздағы сатып алу ұсынысында көрсетілген шарттарда ("Сатып алу ұсынысы") әрбір Ұстаушыдан (Сатып алу ұсынысында анықталғандай) ақшалай сыйақы төлей отырып, Оферент шығарған ("Тендерлік ұсыныс") жылдық 5,75% сыйақы мөлшерлемесі және 2025 жылы өтеу мерзімі бар барлық облигацияларды ("Облигациялар") сатып алу туралы ұсыныстың басталғаны жайында хабарлайды. Осы құжатта қолданылған, бірақ анықталмаған бас әріппен жазылған терминдердің Сатып алу туралы ұсыныста көрсетілген мағыналары болады. Сатып алу туралы ұсыныстың көшірмесі тендерлік ұсыныстың веб-сайтына тіркелу және талаптарға сәйкестігін растау шартымен қол жетімді: <https://projects.sodali.com/dbk>

Оферент орта мерзімді облигациялар бағдарламасы шеңберінде шығаратын ("АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы"), АҚШ долларымен деноминалданған ("АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар") жаңа еурооблигациялар ұсынысымен бірге Тендерлік ұсыныс жасайды. Оферент сондай-ақ Оференттің орта мерзімді облигациялар бағдарламасы шеңберінде шығаратын қазақстандық теңгемен деноминалдаған жаңа еурооблигацияларды жариялады. АҚШ долларындағы Жаңа облигациялардың ұсыныс бағасы белгіленеді және олардың шығарылуы Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі (төменде анықталғандай) біткенге дейін аяқталады деп күтілуде, ал жабылуы 2025 жылдың 7 сәуірінде немесе жақын арадағы күні. АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы сәтті аяқталған кезде, АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттар Тендерлік ұсынысты қаржыландыруға жұмсалады. Егер Оферент Тендерлік ұсыныстан бас тартпаса, Тендерлік ұсыныс, өзгелердің арасында, АҚШ долларындағы Жаңа облигациялардың ұсынысының (тек Оферент айқындағандай) сәтті аяқталуына байланысты ("Қаржыландыру шарты"). АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар 1933 жылғы АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы заңына (түзетулермен бірге) сәйкес тіркелген жоқ және тіркелмейді. Тендерлік ұсыныс кез келген АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды сату туралы ұсыныс немесе сатып алуға шақыру болып табылмайды. АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларға қатысты ешбір юрисдикцияда бағалы қағаздарды жария орналастыруға рұқсат беру үшін ешқандай әрекет жасалмаған немесе жасалынбайды.

Инвесторларға АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды орналастыруға байланысты Оферент, басқа факторлармен қатар, АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды сатып алғысы келетін тиісті Ұстаушының одан Облигацияларды қайта сатып алуға өтінімді (тиісті түрде ресімделіп, АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды инвесторлар арасында орналастырғанға дейін ұсынылған) берді ме, жоқ па екендігі немесе Ұстаушы Оферентке немесе Дилер менеджерге Тендерлік ұсынысқа сәйкес осындай өтінімді беруге нақты ниеті жайында хабарлады ма, жоқ па екендігі туралы мәселені

қарастырады. Егер мұндай өтінім берілген болса, Оферент мұндай Ұстаушы қайта сатып алуға ұсынған (немесе Ұстаушы қайта сатып алуды ұсынуға ниетті) Облигациялардың жиынтықты номиналды сомасын қарастыратын болады. АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды инвесторлар арасында орналастыру мәселесін қарастыру кезінде Оферент мұндай орналастыруға дейін өтінім берген немесе олардан Облигацияларды қайта сатып алу туралы өтініш беруге нақты ниетін білдірген Ұстаушыларға артықшылық білдіреді.

Кез келген жағдайда, Оферент осындай өтінімдерді тиісінше ұсынған немесе Оферентке немесе Дилер менеджерге Тендерлік ұсынысқа сәйкес осындай өтінімді беруге нақты ниеті жайында хабарлаған Ұстаушылар арасында АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды орналастыруға міндетті емес, және осы себепті, мұндай Ұстаушыға қандай да бір АҚШ долларындағы Жаңа облигацияларды шығарылатынына кепілдік жоқ.

## Тендерлік ұсыныс

Тендерлік ұсыныстың әрекет ету мерзімі Нью-Йорк уақыты бойынша 2025 жылдың 22 сәуірінде сағат 17:00-де аяқталады, егер ол ұзартылмаса немесе мерзімінен бұрын тоқтатылмаса ("**Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныс мерзімі**"). Өздерінің Облигацияларын қайта сатып алуға ұсынған Ұстаушылар мұндай Облигацияларды кез келген уақытта, бірақ 2025 жылдың 7 сәуірінде Нью-Йорк уақыты бойынша сағат 17:00-ден кешіктірмей қайтарып ала алады (осы уақыт пен күн ұзартылуы мүмкін, "**Облигацияларды қайта сатып алуға өтінімді кері қайтарып алу мерзімі**"). Тендерлік ұсынысқа сәйкес өтеуге қабылданған Облигациялардың негізгі сомасының әрбір 1 000 АҚШ доллары үшін 30,00 АҚШ доллары көлемінде ерте қатысқаны үшін сыйақыны қамтитын Облигациялар бойынша (төменде анықталғандай) Жиынтық Сыйақыны алу үшін ("**Ерте қатысқаны үшін сыйақы**"), Ұстаушылар жарамды өтінім берулері тиіс және Нью-Йорк уақыты бойынша 2025 жылдың 7 сәуірінде сағат 17:00-ге дейін Облигацияларын кері қайтарып алмаулары тиіс, егер тек мұндай мерзім ұзартылмаса ("**Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі**") ұзарту мүмкін болған жағдайда). Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныс мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей өз Облигацияларын белгіленген тәртіпте ұсынған Ұстаушылар тек ұсынылған Облигациялар бойынша Сыйақы (осы құжатта анықталғандай) алуға құқылы, ол ерте қатысқан үшін Сыйақыны шегеріп тастағандағы Облигациялар бойынша Жиынтық сыйақыға тең соманы құрайды.

## Тендерлік ұсыныстың негізгі шарттары

Төмендегі кестеде Тендерлік ұсыныстың кейбір шарттары көрсетілген:

Облигациялардың атауы	Бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру коды/Бағалы қағаздарға стандартты нөмірлер мен кодтарды беру жөніндегі комитет/депозитарлық код	Негізгі борыштың өтелмеген сомасы	Тендерлік ұсыныс бойынша қайта сатып алынуға тиісті облигациялар сомасы	Облигацияларды ұсынғаны үшін сыйақы	Ерте қатысқаны үшін сыйақы	Облигациялар бойынша Жиынтық сыйақы
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ шығарған 5,75% сыйақы мөлшерлемесі 2025 жылы өтеу мерзімі бар облигациялар (" <b>Облигациялар</b> ")	Ереже S: XS2472852610/247285261 I Қағида 144A: US48129VAA44/ 48129VAA4	325 146 000 АҚШ долл.	Кез келген және барлық Облигациялар	970,00 АҚШ долл. <sup>(1)(4)</sup> (" <b>Облигацияларды ұсынғаны үшін сыйақы</b> ")	30,00 АҚШ долл. <sup>(2)</sup>	1 000,00 АҚШ долл. <sup>(2)(3)(4)</sup> (" <b>Облигациялар бойынша Жиынтық сыйақы</b> ")

- (1) Облигациялар бойынша Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныс мерзімі аяқталғанға дейін заңды түрде ұсынылған, және қайта сатып алуға қабылданған Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасының әрбір 1000 АҚШ доллары үшін.
- (2) АҚШ долларындағы Облигациялар бойынша Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін заңды түрде ұсынылған, және қайта сатып алуға қабылданған АҚШ долларындағы Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасының әрбір 1000 АҚШ доллары үшін.
- (3) Облигацияларды ұсынғаны үшін Сыйақыны және Ерте қатысқаны үшін сыйақыны қамтитын Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасының әрбір 1000 АҚШ доллары үшін.
- (4) Сондай-ақ төленетін Есептелген сыйақыны қоспағанда.

Облигациялар ұсынғаны үшін Сыйақыға немесе Облигациялар бойынша Жиынтық сыйақыға қосымша (қайсы сыйақы төленуге тиісті екендігіне байланысты), қайта сатып алуға қабылданған Облигациялардың барлық Ұстаушылары сондай-ақ осындай Облигациялар бойынша есептелген және төленбеген сыйақылар алады, олар Облигациялардың негізгі сомасының 1 000 АҚШ доллары үшін 0,01 АҚШ долларына дейін дөңгелектенген (0,005 АҚШ долларына дейін көбірек жағына дөңгелектенген) АҚШ долларымен төленеді, ең соңғы пайыздық төлем күнінен бастап, Ерте есеп айырысу күнін немесе Соңғы есеп айырысу күнін қоспағанда, қайсысы қолданылатына байланысты ("**Есептелген сыйақы**").

Қайта сатып алуға заңды түрде ұсынылған және Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін кері қайтарылып алынбаған және қайта сатып алуға қабылданған барлық Облигациялар 2025 жылдың 9 сәуіріне жоспарланған Ерте есеп айырысу күні қайта сатып алынады, ал Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныс мерзімі аяқталғанға дейін қайта сатып алынуға заңды түрде ұсынылған, және қайта сатып алуға қабылданған (егер ондайлар болса) барлық Облигациялар 2025 жылдың 24 сәуіріне жоспарланған Соңғы есеп айырысу күні сатып алынады.

Қолданыстағы заңнамаға және Сатып алу ұсынысының шарттарына сәйкес Оферент Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныс мерзімі аяқталғанға дейін Тендерлік ұсынысты тоқтата, Тендерлік ұсыныстың кез келген немесе барлық шарттарынан бас тарта алады, Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімін немесе Облигацияларды сатып алу туралы Ұсыныстың тиісті мерзімін ұзарта алады немесе Тендерлік ұсыныстың шарттарын өзгерте алады.

Оферент те, Дилер менеджер де немесе Ақпараттық пен Тендерлік агент те Ұстаушылар Тендерлік ұсыныста Облигацияларды сатып алуды ұсыну керектігіне немесе Облигацияларды сатып алуды ұсынудан бас тартуға қатысты ешқандай ұсыныстар жасамайды. Ұстаушылар Облигацияларды сатып алуға ұсыныс жасау туралы шешім қабылдауы керек және, егер солай болса, Облигациялардың негізгі қарызының қандай сомасына сатып алынуға ұсынылады. Ұстаушыларға Сатып алу туралы ұсыныста қамтылған барлық ақпаратты мұқият бағалау, өздерінің инвестициялық және салықтық кеңесшілерімен кеңесу және Тендерлік ұсыныста Облигацияларды сатып алуды ұсыну туралы, егер солай болса, онда сатып алынатын Облигациялардың негізгі сомасы туралы өз шешімдерін қабылдау міндетті түрде ұсынылады.

## **Байланыс деректері**

Оферент Citigroup Global Markets Limited, "Halyk Finance" АҚ, J.P. Morgan Securities plc және Société Générale Тендерлік ұсыныс бойынша Дилер менеджерлер ретінде және Sodali & Co Ltd – Тендерлік ұсыныс бойынша Ақпараттық және Тендерлік агент ретінде тартқан. Облигацияларды қайта сатып алуға өтінім беру процедураларына қатысты сұрақтарды Sodali & Co компаниясына: +44 20 4513 6933 +1 203 658 9457 және +852

2319 4130 телефондары бойынша немесе: [dbk@investor.sodali.com](mailto:dbk@investor.sodali.com) электрондық поштасы арқылы жіберуге болады. Тендерлік ұсынысқа қатысты сұрақтар бойынша Citigroup Global Markets Limited компаниясына: +44 20 7986 8969 телефоны арқылы немесе: [liabilitymanagement.europe@citi.com](mailto:liabilitymanagement.europe@citi.com) электрондық поштасына хабарласуға болады; J.P. Morgan Securities plc мекенжайы: +44 20 7134 2468 немесе электрондық пошта: [em\\_europe\\_lm@jpmorgan.com](mailto:em_europe_lm@jpmorgan.com); "Halyk Finance" АҚ +7 727 339 43 73 телефоны немесе [ib@halykfinance.kz](mailto:ib@halykfinance.kz) электрондық поштасы арқылы, немесе Société Générale телефоны: +33 1 42 13 32 40 немесе [liability.management@sgcib.com](mailto:liability.management@sgcib.com) электрондық поштасына.

### **Жауапкершіліктен бас тарту және ұсыныс пен таратуға қатысты шектеулер**

Бұл хабарландыру тек ақпараттық мақсаттарға арналған және кез келген бағалы қағазды сатуға немесе сатып алуға ұсыныс жасауға шақыру болып табылмайды. Мұндай ұсыныс, ұсынысты сұрау немесе сату заңсыз болып табылатын кез келген юрисдикцияда қандай да бір ұсыныс, ұсынысты сұрау немесе сату жасалуы мүмкін емес. Тендерлік ұсыныс тек Сатып алу ұсынысына сәйкес жасалады. Облигациялар Ұстаушыларына Тендерлік ұсынысқа қатысты қандай да бір шешім қабылдас бұрын Сатып алу ұсынысты мұқият оқып шығу міндетті түрде ұсынылады.

Сатып алу ұсынысы да, онымен байланысты кез келген құжат та АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына берілмеген, кез келген елдің немесе АҚШ-тың кез келген штатының немесе юрисдикциясының реттеуші органына немесе Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясына берілмеген, және олармен қаралмаған. Ешбір орган Сатып алу ұсынысының немесе онымен байланысты кез келген құжаттардың дұрыстығы немесе сәйкестігі туралы пікір білдірген жоқ. Керісінше мәлімдеме заңсыз болып табылады және қылмыстық құқық бұзушылық болуы мүмкін.

Сатып алу ұсынысын тарату кейбір юрисдикцияларда заңмен шектелуі мүмкін, сондықтан ол шығарылған, жарияланған немесе таратылған юрисдикцияларда орналасқан тұлғалар мұндай шектеулерді білуі және сақтауы керек. Бұл шектеулерді сақтамау кез келген юрисдикцияның заңдарын бұзу болып табылуы мүмкін.

### ***Біріккен Королдік***

Бұл хабарландыруды, Сатып алу ұсынысын және Тендерлік ұсынысқа қатысты кез келген басқа құжаттарды немесе материалдарды беру жүзеге асырылмайды және мұндай құжаттарды немесе материалдарды 2000 жылғы Қаржы қызметтері мен нарықтары туралы заңның 21-бөлімінің мақсаттары үшін уәкілетті тұлға бекітпеген, түзетулермен бірге. Тиісінше, осы хабарландыру, Сатып алу ұсынысы және осындай құжаттар немесе материалдар Ұлыбританиядағы тұлғаларға таратылмайды және берілмеуі керек, келесілерді қоспағанда: (i) Біріккен Корольдіктегі инвестициялық кәсіпқойлар анықтамасына жататын тұлғаларды (2000 жылғы Қаржы қызметтері және нарықтары туралы заңның 19(5)-бабында (қаржылық ынталандыру) 2005 жылғы Бұйрықта («**Қаржылық ынталандыру туралы бұйрық**») анықталғандай); (ii) Қаржылық ынталандыру туралы бұйрықтың 43(2)-бабына сәйкес тұлғаларды, оның ішінде Оференттің қолданыстағы мүшелері мен кредиторларын; (iii) Біріккен Королдіктен тыс жерде орналасқан тұлғаларға; (iv) Қаржылық ынталандыру туралы бұйрыққа сәйкес ол заңды түрде жіберілуі мүмкін кез келген басқа тұлғаларды (осындай тұлғалардың барлығы бірге «**Тиісті тұлғалар**» деп аталады), және осы құжатта қарастырылған мәмілелер тек Тиісті тұлғаларға ғана қолжетімді болады және олармен ғана жізеге

асырылады. Тиісті тұлғалардан басқа кез келген тұлға Сатып алу ұсынысына немесе оның кез келген мазмұнына әрекет жасамауы немесе оған сенбеуі керек.

### ***Қазақстан Республикасы***

Тендерлік ұсыныс Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне, соның ішінде Қазақстан қор биржасының («KASE») ережелеріне сәйкес болғанды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тікелей немесе жанама түрде жасалмайды. Бұл хабарландыру және Сатып алу ұсынысы Қазақстан Ұлттық Банкінің бекітуіне ұсынылмаған және ұсынылмайды және онымен мақұлданбайды.

### ***Франция***

Тендерлік ұсыныс Франциядағы жұртшылыққа тікелей немесе жанама түрде хабарланбайды. Бұл хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, Ұсыныс құжаттары да Француз Республикасындағы жалпы жұртшылыққа таралмаған немесе таратылмайды, және тек қана білікті инвесторлар (*investisseurs qualifiés*) (ЕС) 2017/1129 Регламентінің 2(е) бабының мағынасында («**Проспектілер туралы регламент**») Тендерлік ұсыныстарға қатысуға құқылы. Сатып алу ұсынысы *Autorité des marchés financiers* рұқсат беру (виза) рәсімінен өтпеген және өтпейді.

### ***Италия***

Бұл хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, Тендерлік ұсынысқа қатысты кез келген басқа құжат немесе материалдар итальяндық заңдарға және ережелерге сәйкес *Commissione Nazionale per le Società e la Borsa* ("**CONSOB**") келісу рәсімдерінен өтпеген және өтпейді. Тендерлік ұсыныс Италияда 1998 жылғы 24 ақпандағы № 58 Заңнамалық декреттің, түзетулерімен бірге, 101-bis бабының 3-bis тармағына («**Қаржы қызметтері туралы заң**») және 1999 жылғы 14 мамырдағы № 11971 CONSOB Қаулысының, түзетулерімен бірге, 35 бабының 4 тармағына сәйкес босатылған ұсыныс ретінде өткізіледі.

Италияда резиденттер және/немесе орналасқан Облигациялардың иелері немесе бенефициар иелері (Қаржы қызметтері туралы заңға, CONSOB 2018 жылғы 15 ақпандағы № 20307 Қаулысына және түзетулермен және 1993 жылғы 1 қыркүйектегі № 385 Заңнамалық декретке, түзетулеімен бірге, сәйкес және басқа да қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ CONSOB және кез келген басқа итальяндық органдардың кез келген талаптарына сәйкес Италия Республикасында осындай қызметті жүзеге асыруға уәкілетті инвестициялық компаниялар, банктер немесе қаржы делдалдары сияқты) уәкілетті тұлғалар арқылы Тендерлік ұсыныс шеңберінде Облигацияларды сатып алу ұсынысын жасай алады.

Әрбір делдал Облигацияларға немесе Тендерлік ұсынысқа байланысты өз клиенттерінің *ақпараттық міндеттеріне* қатысты қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтауы тиіс.

### ***Бельгия***

Бұл хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, Ұсыныс құжаттары да (Сатып алу ұсынысында анықталғандай) ұсынылмаған немесе Қаржы қызметтері және нарықтары жөніндегі уәкілетті органға (*Autorité des services et marchés financiers / Autoriteit voor financiële diensten en markten*) ұсынылмайды және, тиісінше, Тендерлік ұсыныс Бельгияда 2007 жылғы 1 сәуірдегі қосып алу бойынша жария ұсыныс туралы Заңының 3 және 6-баптарында анықталғандай, мезгіл сайын енгізілетін түзетулер мен өзгерістерді

қоса, Бельгияда жария ұсыныс арқылы жасалмайды. Тиісінше, Тендерлік ұсынысты жариялауға болмайды және Тендерлік ұсыныс ұзартылмайды және бұл хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, Ұсыныс құжаттары да Бельгиядағы кез келген тұлғаға тікелей немесе жанама түрде таратылмаған немесе таратылмайды немесе қол жетімді болмайды. орналастыру құралдарын жария ұсыну және реттелетін нарықтарда орналастыру құралдарымен сауда жасауға рұқсат беру туралы н өз шотына сатуға жіберу туралы 2006 жылғы 16 маусымдағы Бельгия Заңының 10-бабының мағынасында өз есебінен әрекет ететін "білікті инвесторларды" қоспағанда. Сатып алу ұсынысы тек аталған білікті инвесторлардың жеке пайдалануы үшін және тек Тендерлік ұсыныстың мақсаттары үшін ғана шығарылды. Тиісінше, Сатып алу ұсынысында қамтылған ақпаратты басқа мақсатта пайдалануға немесе Бельгиядағы кез келген басқа тұлғаға ашуға болмайды.

### ***Жалпы ережелер***

Сатып алу туралы ұсыныс Облигацияларды сатып алу немесе сату туралы ұсынысты талап ету болып табылмайды және мұндай ұсыныс немесе өтініш заңсыз болып табылатын кез келген жағдайда Тендерлік ұсыныс шеңберінде Облигацияларды сатуға арналған өтінім Ұстаушылардан қабылданбайды. Бағалы қағаздар туралы заңдар немесе басқа заңдар Тендерлік ұсынысты лицензияланған брокер немесе дилер жасауды талап ететін юрисдикцияларда және қаржылық басқарушылар немесе олардың кез келген аффилиирленген тұлғалары осындай лицензияланған брокер немесе кез келген ондай юрисдикциядағы қаржылық басқарушы болып табылса, Тендерлік ұсыныс, жағдайларға байланысты, мұндай юрисдикциядағы Оферент атынан қаржылық менеджерлермен немесе сондай аффилиирленген тұлғамен жасалынған болып саналады.

### ***Болжамды ақпарат***

Осы құжатқа енгізілген кейбір мәлімдемелер кейбір юрисдикциялардың бағалы қағаздар туралы заңдарының мағынасында болжамды мәлімдемелер болуы мүмкін. Бұл болжамды мәлімдемелердің кейбірін «сенеді», «күтеді», «мүмкін», «күтеді», «ниеттенеді», «жалғасады», «керек», «болады», «тырысады» немесе «күтеді» сияқты болжамды терминологияны, немесе ұқсас сөйлемшелер немесе олардың негативті, немесе басқа нұсқалар немесе салыстырмалы терминология қолдану арқылы сәйкестендірілуі мүмкін. Бұл болжамды мәлімдемелер статистикалық фактілер болып табылмайтын барлық мәселелерді қамтиды. Олар осы хабарландырудың әртүрлі жерлерінде көрсетіледі және Оференттің басқа нәрселермен қатар, Оференттің қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, болашағына, өсуіне, стратегиясына және Оферент қызмет ететін салаға қатысты ниеттері, сенімдері немесе ағымдағы күтулері туралы мәлімдемелерді қамтиды. Табиғаты бойынша болжамды мәлімдемелер тәуекелдер мен белгісіздіктерді қамтиды, өйткені олар оқиғаларға байланысты және болашақта болуы мүмкін немесе болмауы мүмкін жағдайларға байланысты.

Бұл болжамды мәлімдемелер тек осы хабарландыру күніне қатысты. Оферент 1934 жылғы АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар туралы заңының(түзетулерімен бірге) 14е-1 Ережесіне сәйкес талап етілетін жағдайларды қоспағанда, жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың нәтижесінде немесе басқа жолмен кез келген болжамды мәлімдемелерді жаңартуға немесе қайта қарауға ешбір міндеттеме алмайды.